

Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүзеге асыру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 29 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 сәуірде № 10664 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 132 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 19.05.2020 № 132 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" 1992 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 14-5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүзеге асыру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуінен кейін он күнтізбелік күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жолдауын;

3) осы бұйрықтың ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы тармақпен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді іс-шараларды орындағаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі Ғ. Ахмедьяровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрі

А. Мұхамедіұлы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Инвестиция және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 10 наурыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 25 ақпан

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және спорт министрінің

2015 жылғы 29 қаңтардағы

№ 29 бұйрығымен бекітілген

**Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі
археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялық жұмыстарды
жүзеге асыру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік
талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі**

№

р/ Біліктілік талаптары

Құжаттар тізбесі

с

1 2

3

Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі лицензияны алу үшін

заңды тұлғалар үшін

- | | |
|---|--|
| 1. Өтініш берушіде жоғары білімі ("археология және этнология", "тарих") және археология саласында үш жылдан кем емес тиісті жұмыс өтілі бар, негізгі қызметкер болып табылатын ғылыми жетекшілердің болуы | Осы тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер |
| 2. Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі мамандандырылған жабдықтардың болуы | Осы тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мамандандырылған жабдықтар туралы мәліметтер |

Тарих және мәдениет ескерткіштерінде
3. археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру құқығына археология саласындағы ғылыми ұйымның ұсынымдарының болуы
жеке тұлғалар үшін

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттациясы бар ғылыми ұйымның ұсыным хаты

1. Өтініш берушінің жоғары білімі ("археология және этнология", "тарих") және археология саласында үш жылдан кем емес тиісті жұмыс өтілі

Осы тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер

2. Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі мамандандырылған жабдықтардың болуы

Осы тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мамандандырылған жабдықтар туралы мәліметтер

3. Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру құқығына археология саласындағы ғылыми ұйымның ұсынымдарының болуы

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттациясы бар ғылыми ұйымның ұсыным хаты

Тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыруға лицензия алу үшін

заңды тұлғалар үшін

1. Өтініш берушінің жоғары немесе арнайы орта білімі ("сәулет", "реставрациялау") және ғылыми-реставрациялау саласында үш жылдан кем емес тиісті жұмыс өтілі бар, негізгі қызметкер болып табылатын ғылыми жетекшілердің болуы

Осы тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер

2. Тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі жабдықтардың болуы

Осы тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мамандандырылған жабдықтар туралы мәліметтер

жеке тұлғалар үшін

1. Өтініш берушіде жоғары немесе арнайы орта білімі (сәулет, реставрациялау) және ғылыми-қалпына келтіру саласында үш жылдан кем емес тиісті жұмыс өтілінің болуы

Осы тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер

Тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын

Осы тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру қызметін лицензиялау кезінде

2. жүзеге асыру жөніндегі қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті мамандандырылған жабдықтардың болуы растайтын құжаттар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мамандандырылған жабдықтар туралы мәліметтер

Тарих және мәдениет
ескерткіштеріндегі археологиялық
және (немесе) ғылыми-реставрациялау
жұмыстарын жүзеге асыру қызметін
лицензиялау кезінде қойылатын
біліктілік талаптары және оларға
сәйкестікті растайтын құжаттар
тізбесіне 1-қосымша
нысан

Біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер (заңды тұлға үшін)

Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі _____
(археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау) жұмыстарын жүзеге
асыру қызметін лицензиялау кезінде заңды тұлғаларға қойылатын
біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын ғылыми жетекшілер туралы
мәліметтер.

Ғылыми жетекшілер туралы деректер:

1) _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

(ғылыми дәрежесі, мамандығы және біліктілігі)

(жоғарғы білімі туралы дипломының нөмірі, берілген уақыты,
мамандығының және біліктілігінің атауы, дипломды берген оқу орнының
атауы)

2) тарих және мәдениет ескерткіштерін _____
(археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау) саласындағы еңбек
өтілі:

(жұмыс орны, атқаратын лауазымы, жұмысқа қабылдануы туралы бұйрықтың
немесе жеке еңбек шартының нөмірі және күні, жұмыстан босату туралы
бұйрықтың немесе бұзу туралы шарттың нөмірі және күні)

3) _____ саласындағы
жобалар
туралы ақпарат: (археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау
жұмыстары) _____

_____ (жобаның атауы, жылы, объектінің аты және орналасқан жері, орындалған
жұмыс туралы қысқаша ақпарат)
Жетекші _____ Мөр үшін орын _____

_____ (заңды тұлғаның атауы, (қолы)
тегі, атауы, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Толтырылған күні: " " _____ 20 __ жыл

Тарих және мәдениет
ескерткіштеріндегі археологиялық
және (немесе) ғылыми-реставрациялау
жұмыстарын жүзеге асыру қызметін
лицензиялау кезінде қойылатын
біліктілік талаптары және оларға
сәйкестікті растайтын құжаттар
тізбесіне 2-қосымша
нысан

Біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер

(заңды тұлға үшін)
Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі _____
(археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау)
жұмыстарын жүзеге асыру қызметін лицензиялау кезінде заңды тұлғаларға
қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын
мамандандырылғани жабдықтар туралы мәліметтер:

1) _____
—;

(мамандандырылған жабдықтардың атауы және моделі, мамандандырылған
жабдықтарды сатып алу/сату/жалдау шартының нөмірі және жасалған күні,
шарт жасалған заңды және (немесе) жеке тұлғаның атауы)

2) _____

—
Жетекші _____ Мөр үшін орын _____

_____ (заңды тұлғаның атауы, (қолы)
тегі, атауы, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Толтырылған күні: " " _____ 20 __ жыл

Біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер

(жеке тұлға үшін)

Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі _____

(археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау)

жұмыстарын жүзеге асыру қызметін лицензиялау кезінде заңды тұлғаларға
қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын мәліметтер.

Жеке тұлғаның жеке деректері:

1) _____

—;

(тегі, аты, әкесінің аты)

—;

(ғылыми дәрежесі, мамандығы және біліктілігі)

—;

(жоғарғы білімі туралы дипломының нөмірі, берілген уақыты,
мамандығының және біліктілігінің атауы, дипломды берген оқу орнының
атауы)

2) тарих және мәдениет ескерткіштерін _____

(археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау) саласындағы еңбек
өтілі:

—;

(жұмыс орны, атқаратын лауазымы, жұмысқа қабылдануы туралы бұйрықтың
немесе жеке еңбек шартының нөмірі және күні, жұмыстан босату туралы
бұйрықтың немесе бұзу туралы шарттың нөмірі және күні)

3) _____ саласындағы жобалар

туралы ақпарат: (археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау
жұмыстары)

—

(жобаның атауы, жылы, объектінің аты және орналасқан жері, орындалған жұмыс туралы қысқаша ақпарат)

Жеке тұлға _____ Мөр үшін орын _____

(жеке тұлғаның атауы, (бар болған жағдайда) (қолы)

тегі, атауы, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Толтырылған күні: " " _____ 20 __ жыл

Тарих және мәдениет
ескерткіштеріндегі археологиялық
және (немесе) ғылыми-реставрациялау
жұмыстарын жүзеге асыру қызметін
лицензиялау кезінде қойылатын
біліктілік талаптары және оларға
сәйкестікті растайтын құжаттар
тізбесіне 4-қосымша
нысан

Біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер

(жеке тұлға үшін)

Тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі _____

(археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау)

жұмыстарын жүзеге асыру қызметін лицензиялау кезінде заңды тұлғаларға

қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын

мамандандырылғани жабдықтар туралы мәліметтер:

1) _____

—;

(мамандандырылған жабдықтардың атауы және моделі, мамандандырылған

жабдықтарды сатып алу/сату/жалдау шартының нөмірі және жасалған күні,

шарт жасалған заңды және (немесе) жеке тұлғаның атауы)

2) _____

—.

Жеке тұлға _____ Мөр үшін орын _____

—

(жеке тұлғаның атауы, (бар болған жағдайда) (қолы)

тегі, атауы, әкесінің

аты (бар болған жағдайда)

Толтырылған күні: " " _____ 20 __ жыл